

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Жарылғасынқызы Альбина

Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институты Прокурорлық қадағалау кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында қылмыстық процесті цифрландырудың қазіргі жағдайы мен даму бағыттары қарастырылады. Елде енгізіліп жатқан ақпараттық жүйелердің ерекшеліктері, олардың құқық қорғау органдарының тиімділігін арттырудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы тергеу және қадағалау процестерін жетілдірудің бағыты талданады. Азаптауға қатысты қылмыстық істерді электрондық форматта тергеудің ерекшеліктері көрсетіліп, Құқық қорғау органдары академиясының осы үдерістегі маңызы айқындалады.

Кіріспе

Құқық қорғау қызметін цифрландыру – Қазақстанда заманауи технологияларды қолдана отырып жүргізіліп жатқан құқықтық саланы жаңғыртудың ауқымды бағыты, сондай-ақ ол заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды тетігіне айналды. Цифрлық технологияларды енгізу қылмыстық процестің ашықтығын арттыруға, тиімділікті күшейтуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстанда Бас прокуратураның үйлестіруімен және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы арқылы қылмыстық процесті цифрландырудың нақты нәтижелері байқалуда. Атап айтқанда, СДТБТ жүйесін жетілдіру, автоматтандырылған бақылау тетіктерін енгізу және жасанды интеллект элементтерін сынақтан өткізу арқылы тергеу мен қадағалау қызметін сапалы жаңа деңгейге көтеру жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, қазіргі заман жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Яғни, әлемде жасанды интеллекттің қарқынды дамуы оны құқық қорғау саласына енгізуді уақыт талабы етіп отыр. Ол елдің құқықтық жүйесін әлемдік цифрлық даму үрдістеріне сәйкестендіруге және тиімді құқықтық мемлекет құруға бағытталған стратегиялық қадам болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы. Жаңа министрліктің алдына қойылған негізгі міндеттер: цифрландыру және жасанды интеллект саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, отандық цифрлық платформаларды дамыту, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының қызметіне интеллектуалдық технологияларды енгізу болып табылады.

Осылайша, Қазақстан заманауи шешімдер арқылы үдерістерді автоматтандырумен қатар, мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтықты, заңдылықты және есептілікті қамтамасыз ететін тұтас цифрлық ортаны қалыптастыруды белсенді түрде бастап кетті.

Бүгінгі таңда Бас прокуратура халыққа да, құқық қорғау органдарына да, жалпы мемлекетке де бірқатар артықшылықтар беретін ақпараттық жүйелерді белсенді түрде пайдаланып келеді. Олардың қатарында: Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі (СДТБТ), Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімі (ӘІБТ), Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (ТСОБТ), «Талдау орталығы» және т.б. жүйелер бар.

Мысалы, ӘІБТ жүйесі азаматтарға айыппұлдарды жедел төлеуге мүмкіндік береді және адам факторын барынша азайту арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

ӘІБТ арқылы істі қозғау сатысынан бастап барлық қойылған шектеулерді алып тастай отырып, әкімшілік жазаны орындауға дейінгі әкімшілік іс жүргізудің барлық рәсімі

автоматтандырылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар іс жүргізу мәртебесін алған сәттен бастап «жария секторы» функционалы арқылы электрондық әкімшілік істің тиісті материалдарына қол жеткізе алады, ол арқылы өтінішхаттар, шағымдар, өтініштер беру және оларға электрондық нысанда жауаптар алу да жүзеге асырылады.

ТСОБТ жүйесі – кәсіпкерлерді бақылаушы органдар тарапынан негізсіз қысымнан қорғауға арналған тиімді құрал. Кәсіпкер «Qamqor» мобильді қосымшасы арқылы тексерудің заңдылығын өз бетінше тексере алады. Жүйеде мемлекеттік органдардың бизнес субъектілерін тексеруді іске асыру бастамасынан, шаралар қабылдауға дейінгі барлық процесі автоматтандырылған (тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу, тексеру мерзімін ұзарту және оның нәтижелерін есепке алу). ТСОБТ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді, тексерулерді тағайындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен уақытша ресурстарды қысқартады, сондай-ақ прокуратура органдарына бармай-ақ тексерулерді электронды түрде тіркеуді қамтамасыз етеді.

«Талдау орталығы» – құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жедел қабылдауға мүмкіндік беретін, салыстырмалы талдау негізінде шешімдер қабылдауға арналған көпфункционалды құрал.

Қазақстанда құқық қорғау органдарының қызметін цифрландыру мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің және құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігіне айналды. Бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіруші негізгі органы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы. Қылмыстық процесті цифрландыру саласындағы басты институционалдық қадамдардың бірі – СДТБТ жүйесін енгізу болды. Ол 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізіліп, қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу, сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді жүргізу, прокурорлық қадағалау электрондық форматта жүзеге асыруды қамтамасыз етті.

Адвокаттар мен қылмыстық процеске қатысушылар үшін «Жария сектор» модулі қарастырылған. Ол арқылы онлайн режимінде іс материалдарына қол жеткізуге, өтінішхаттар мен шағымдарды жолдауға және қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылауға мүмкіндік бар. Азаматтар да қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы электронды түрде өтініш бере алады және олардың қаралу нәтижелері туралы онлайн хабарламалар алады. Мұның барлығы қылмыстық процестің ашықтығын арттырып, қоғамның құқық қорғау жүйесіне деген сенімін күшейтеді.

Қолданылып жатқан шаралар өз тиімділігін көрсетті. 2025 жылы қылмыстық істердің 93%-дан астамы электрондық форматта тергелуде. Бұл көрсеткіш қылмыстық процестің ашықтығын арттырды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтты және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмыс жүктемесін едәуір қысқартты.

СДТБТ шеңберінде Қылмыстық-процестік кодексінің 105-бабына сәйкес шағымдарды қарау функционалының енгізілуі ерекше мәнге ие. Аталған норма сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, тергеу бөлімі бастығының, анықтау органы бастығының, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне өздерінің құқықтары мен мүдделерін немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар берген шағымдарды қамтиды. Орталықтандырылған есепке алу мен бақылау тетігі шағымдарды қараудың бірыңғай тәжірибесін қалыптастыруға, оларды қарау мерзімдерін қысқартуға және процестің қатысушыларының құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, прокурорлар азаптау фактілері бойынша қылмыстық істерді тек электрондық форматта тергейді, бұл тергеу әрекеттерінің уақтылы жүргізілуін және қабылданатын процестік шешімдердің заңдылығын қамтамасыз етеді. Азаптау – халықаралық құқықпен тыйым салынған қылмыс түрі. Сондықтан мұндай істерді тергеу жоғары кәсіби дайындықты және процестік нормалардың қатаң сақталуын талап етеді. Тергеу сапасына тек адамдардың тағдыры ғана емес, сонымен бірге қоғамның құқық қорғау жүйесіне деген сенім деңгейі де тікелей байланысты. Азаптау фактілері бойынша істерді электрондық форматта тергеу фальсификация қаупін барынша азайтады, процестің қатысушыларының құқықтарын қорғауды күшейтеді және азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға жол бермеуге бағытталған бірыңғай құқық қолдану практикасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары Қазақстанның құқық қорғау жүйесінде заманауи цифрлық шешімдерге және жасанды интеллект технологияларына ерекше назар аударылып келеді. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әзірлеген интеллектуалдық бақылау жүйесі ерекше маңызға ие. Қазіргі уақытта СДТБТ жүйесінде 1500-ден астам интеллектуалдық бақылау белсенді жұмыс істейді. Мысалы, кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық сипаттағы қылмыстар бойынша бақылау тергеушіге заңды бұза отырып істі тоқтатуға жол бермейді. Сонымен қатар, аудио және бейнематериалдарды автоматты түрде мәтінге айналдыратын жүйенің прототипі әзірленіп, енгізілуде.

Алдағы кезеңде цифрлық трансформация жасанды интеллект элементтерін тергеу, прокурорлық қадағалау және мемлекеттік айыптауды қолдау қызметіне тереңірек енгізумен байланысты болады. Пилоттық режимде «Цифрлық көмекші» жобасы жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар «Мемлекеттік айыптаушы» жүйесі де әзірленуде. Аталған жүйе жасанды интеллект көмегімен айыптау актілерінің жобаларын қалыптастырып, сот тәжірибесін талдауға мүмкіндік береді. Технология жазаны автоматты түрде есептеуді, сот процестерінің күнтізбесін жүргізуді, сондай-ақ өтінішхаттар мен наразылықтарды беру мерзімдері туралы ескертулерді автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Бұл шешімдердің барлығы құқық қорғау органдары жұмысының сапасын арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының рөлі маңызды. Академияға биыл 10 жыл толып отыр. Академияда болашақ прокурорлар ғана емес, құқық қорғау органдарының қызметкерлері де біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Бұл жүйе цифрлық трансформацияны жүзеге асыруда кәсіби кадрлық әлеуетті нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында қылмыстық процесті цифрландыру – құқық қорғау қызметін жетілдірудің және заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды стратегиялық бағытына айналды. СДТБТ сияқты ақпараттық жүйелердің енгізілуі, интеллектуалдық бақылаулардың пайдаланылуы және жасанды интеллект элементтерін сынақтан өткізу қылмыстық процестің ашықтығын арттыруға және шешім қабылдау сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Алдағы кезеңде құқық қорғау саласын цифрландыру жасанды интеллектке негізделген жүйелерді кеңінен енгізу арқылы жалғасады. Бұл процестердің табысты жүзеге асуы кәсіби кадрлардың даярлығына да тәуелді. Осы тұрғыда Академия заманауи цифрлық шешімдермен жұмыс істей алатын, жаңа талаптарға бейімделген кәсіби кадрларды даярлау арқылы құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға үлес қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2025 жылғы 8 қыркүйек. Астана, 2025ж.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.
3. Біріккен Ұлттар Ұйымы. Азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын түрдегі әрекеттерді тиімді тергеу және құжаттау жөніндегі нұсқаулық (Стамбұл хаттамасы) Нью-Йорк, Женева, 2022ж.
4. <https://kazpravda.kz/n/kurs-na-tsifrovizatsiyu-dm/>, 22.02.2025ж.